

**Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсаттар алуға үміткер шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында болу кезеңінде өздерінің төлем жасау қабілеттігін растау ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 қарашадағы N 1185 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 758 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2023 № 758 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Ескерту. Тақырыбындағы және бүкіл мәтін бойынша "шет ел азаматтарының", "шет ел азаматтары" деген сөздер тиісінше "шетелдіктердің", "шетелдіктер" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2007.08.10. N 688 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2337 Заңына сәйкес, уақытша келетін шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсаттар алуын реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсаттар алуға үміткер шет ел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында болу кезеңінде өздерінің төлем жасау қабілеттігін растау ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі өзінің нормативтік құқықтық кесімдерін қаулыға сәйкес келтірсін.

3. Осы қаулы жарияланған сәтінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2003 жылғы 26 қарашадағы  
N 1185 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасындағы тұрақты тұруға рұқсаттар алуға үміткер шетелдіктердің және азаматтығы жоқ**

**адамдардың Қазақстан Республикасында болу кезеңінде  
өздерінің төлем жасау қабілеттігін растау  
Ережесі**

**Ескерту.** Тақырыбындағы және бүкіл мәтін бойынша "шетел азаматтарының", "Шет ел азаматтары" деген сөздер тиісінше "шетелдіктердің", "Шетелдіктер" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2007.08.10. N 688 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Осы Ереже "Қазақстан Республикасындағы шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы Заңына, "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді және шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың өздерінің төлем жасау қабілеттігін растау тәртібін айқындайды.

**Ескерту.** 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.27 N 1615 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығына заңнамада белгіленген тәртіппен берілетін рұқсатты алу туралы қолдаухатпен жүгінген кезде өздерінің төлем жасау қабілеттігін растайды.

Өтініш білдіруші Қазақстан Республикасында болу кезеңінде өзінің төлем жасау қабілеттігін растау үшін ішкі істер органдарына мынадай:

1) тұрақты тұруға қалдыру туралы қолдаухат берілген күнге белгіленген бір мың үш жүз жиырма еселенген ең төменгі есептік көрсеткіш баламасына тең немесе одан асатын;

2) өтініш білдіруші тұруға ниет білдірген елді мекеннен бір отбасы мүшесіне есептегенде 15 шаршы метрлі тұрғын үй сатып алуға жеткілікті сомада банктік шотта (шоттарда) ақшасының болуы туралы банк басқармасы төрағасының немесе банктің уәкілетті тұлғасының қолы қойылған Қазақстан Республикасының резиденті-банктің құжатын ұсынады.

Соманың мөлшері сол елді мекендегі тұрғын үйдің орташа нарықтық құнына сәйкес, жылжымайтын мүлікке арналған құқықтарды тіркеуді жүзеге асыратын тиісті уәкілетті орган берген құжаттың негізінде белгіленеді.

Өтініш берушіге тұрғын үй беру туралы жеке немесе заңды тұлғамен шарт болған кезде, тұрғын үй сатып алу үшін ақшасының болуы туралы банктің құжаты талап етілмейді.

**Ескерту.** 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.07.18. N 820 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Төлем қабілеттілігін растайтын ұсынылған құжаттарды шетелдіктің және азаматтығы жоқ адамның жазбаша келісімімен ішкі істер органдары төлем жасау қабілеттілігін растайтын құжатты берген банк мекемесіне осы Ережеге қосымшаға сәйкес сұрау жіберу жолымен түпнұсқалық тұрғысынан тексереді.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.02.2014 № 70 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасында  
тұрақты тұруға рұқсаттар алуға  
үміткер шетелдіктердің және  
азаматтығы жоқ адамдардың  
Қазақстан Республикасында болу  
кезеңінде өздерінің төлем жасау  
қабілеттігін растау ережесіне  
қосымша

**Ескерту. Ереже қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 10.02.2014 № 70 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

\_\_\_\_\_  
(банк мекемесінің атауы)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(тегін, атын, әкесінің атын, туған күнін, паспорттық деректерін көрсету)

20\_\_ ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_ шығыс № \_\_\_\_\_ хатпен берілген шетелдіктің (азаматтығы жоқ адамның) банк шотының бар-жоғын растайтын құжаттың түпнұсқалығы туралы ақпаратты хабарлауды сұраймын.

Ақпарат сұраған:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(ішкі істер органы басшысының

лауазымы, тегі, аты-жөні) \_\_\_\_\_

(лауазымды адамның қолы)

\_\_\_\_\_ ішкі істер органына

(шетелдіктің, азаматтығы жоқ адамның тегі, аты, әкесінің аты)

ақпарат беруге келісемін.

\_\_\_\_\_

(қолы) (күні)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК